

"Тауар биржалары арқылы өткізілетін биржалық тауарлардың тізбесін және ұсынылатын партиялардың ең аз мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 142 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2019 жылғы 23 тамыздағы № 24 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 28 тамызда № 19300 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

"Тауар биржалары арқылы өткізілетін биржалық тауарлардың тізбесін және ұсынылатын партиялардың ең аз мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 142 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10587 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Биржалық тауарлардың тізбесін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған биржалық тауарлардың тізбесі бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген биржалық тауарлардың тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Ішкі сауда департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан

Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Индустрия және инфрақұрылымдық

даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция

министрінің

2019 жылғы 23 тамыздағы

№ 24 бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2015 жылғы 26 ақпандағы

№ 142 бұйрығымен

бекітілген

Биржалық тауарлардың тізбесі

№	Топ	Тауар	Тауарлардың атауы	ЕАЭО СЭҚ ТН коды	Тауарларды жеткізу партиясының ең төмен мөлшері, ол тең болған немесе одан асып кеткен кезде, оларды өткізу тауар биржасы арқылы ғана жүзеге асырылады	Тауар биржалары арқылы міндетті түрде өткізуге жататын тауардың ең төменгі үлесі және аталған міндет қолданылатын
---	-----	-------	-------------------	---------------------------	--	---

						субъектілердің санаттары
1	2	3	4	5	6	7
1	Энергия тасығыштар	Көмір	Тас көмір; тас көмірден алынған брикеттер, шекемтастар және қатты отынның ұқсас түрлері*	2701	60 тонна (көмір өндіруші компаниялар көмірді коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін сату кезінде)	
			Гагаттан басқа, агломерацияланған немесе агломерацияланбаған лигнит немесе қоңыр көмір*	2702	60 тонна (көмір өндіруші компаниялар көмірді коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін сату кезінде)	
2	Ауыл шаруашылығы өнімдері	Бидай және меслин	Бидай және меслин	1001 19 000 0, 1001 91 900 0, 1001 99 000 0	600 тонна	
		Қант	Қант	1701	60 тонна	
		Арпа	Арпа	1003 10 000 0, 1003 90 000 0	600 тонна	
		Ұнтақталған немесе ұнтақталмаған соя бұршақтары	Ұнтақталған немесе ұнтақталмаған соя бұршақтары	1201	60 тонна	
		Балғын немесе тоңазытылған картоп		0701	60 тонна	
		Қардтық немесе тарақпен тарауға ұшыраған мақта талшығы		5203 00 000 0	600 тонна	
3		Боялмаған немесе боялған, дайын немесе күйдірілген цемент тасы нысанында портландцемент, глиноземдік		2523	60 тонна	

Минералды өнімдер	цемент, қож цемент, суперсульфатты цемент және ұ қ с а с гидравликалық цементтер				
-------------------	--	--	--	--	--

* – көрсетілген тізбе көмір өндіретін компаниялардың коммуналдық-тұрмыстық көмірді жергілікті атқарушы органдар айқындайтын операторларға олардың кейіннен халыққа жеке пайдалануы үшін өткізуіне қолданылмайды

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК